

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі

«КЕЈПСЕМІН

Оқу ісі орынбасары

Ж.К.Ж. К.М.Жумырова


« 01 » 09 2022 ж



Мұғалімдер аудандық білім бөлімі ММ

Әдістемелік кабинет әдіскері
Ж.Ж.Айтбаева

«05» 09/11/2022 ж



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры

М А.А.Жакасов

« 01 » 09 2022 ж

«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»

ӘБ отырысында қаралды

Хаттама' №2

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі Д. Мен

И.Т.Джанзакова

«01» 09 2022ж

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Математика пәнінің негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың бүгінгі біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар оқушыларды тәрбиелеуге бағытталған. Осы басты бағытты негізге ала отырып әзірленген «Ғажайып математика» таңдау курсы бағдарламасы педагогиканың түрлі аспектілері: қарым-қатынас жасау, белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқудың негізге ала отырып әзірленген. Аталған аспектілер сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі.

Бағдарламада оқушылар жаңа ұғыммен, терминдермен таныса отырып, қызықты тапсырмалар құрастыру арқылы өз түсініктері мен қабілеттерін жетілдіріп, жобалар мен тапсырмаларды әзірлеп орындау үшін жауапкершілік алуды үйренеді. Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, баланың ойын ұптай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектену білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.

Қате түсініктермен, теріс ұғымдармен келіспей, оларды талқылап, дәлел келтіретін болады. Тиянақты әрі сенімді түрде өз көзқарасын, пікір-пайымын білдіретін болады. Дәлелдерді талдау және бағалау сияқты дағдылары қалыптасады, өз жобасының нәтижесі туралы ойланатын болады. Сонымен қатар өздерінің тұжырымдарын, идеяларын және жобаларын талқылауға үйренеді.

Курс пәнаралық байланыс негізінде көркем еңбек, жаратылыстану пәндерімен байланыстырыла оқытылады.

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл-ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты, нәтижелі білім алуға бағыттау.

Бағдарламаның міндеттері:

- Шығармашылық бағыттағы жаттығуларды жеңірек орындау. Оларды орындаудағы қиындықтарды жеңу, тапқырлық пен зерделілік таныту, логикалық талдау жүргізу, ақыл-ой операцияларының орындалуын алға қою.
- Тапсырмалар орындауда оқушылардың білім деңгейін бақылау, сауалнама сұрақтары түрінде қорытындылап, салыстырып отыру.
- Бала дамуының ең жақын аймағына сүйене отырып, оқушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларымен бірге жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешім қабылдауына мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтиже:

- Қосудың және көбейтудің қасиеттерін біледі;
- Логикалық есептерді шешудің жолын табу ;
- Оқушылардың есте сақтау қабілеттері, зейіні, логикалық ойлау дағдылары дамиды;
- Оқушылардың математикалық түсініктері , есептеу дағдылары, есептің белгілі бір түрін шығара білу дағдылары қалыптасады.

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Откізілу түрі	Білімдік қайына	Мерзімі
1.	Кіріспе. «Математика – ғылымдар патшасы»	1	Практикалық сабақ	«Ғажайып математика әлемі» туралы түсініктерін тереңдету	25.09
2.	«Білгенге маржан»	1	Аралас сабақ	Математиканың адам өміріндегі орны	12.09
3.	Сандар нумерациясы	1	Практикалық сабақ	1000 көлемдегі сандар. 1000 көлемдегі сандардың құрылу жолдарын түсіндіру, талдау.	19.09
4.	Қызықты әзіл есептер	1	Жарыс сабақ	Мың көлеміндегі сандарды қосу және азайту бойынша алған білімдерін жинақтау.	26.09
5.	Сандар эстафета	1	Ойын сабақ	Кестеден тыс жазбаша қосу және азайту тәсілдерін жете меңгерете отырып, 1000 көлемдегі сандардың құрылу жолдарын талдау.	03.10
6.	Онайдан қиынға	1	Практикалық сабақ	Логикалық есептер шығарту	
7.	«Баған» - зерделі тапсырмалар	1	Практикалық сабақ	Көп таңбалы сандарды қосу, жазу салыстыру тәсілдерін меңгерте отырып, есептердің шығару жолдарын еске түсіру.	10.10
8.	«Математикалық ғажайыптар» ойыны	1	Ойын сабақ	Көп таңбалы сандардың разрядтық қосылғыштарының қосындысын, теңдік пен теңсіздік құрамын талдау.	17.10
9.	Мультимедиялық есептер	1	Мультимедиялық сабақ	Интернет желісі арқылы есептер шығарту	24.10
10.	Кестелік көбейту және бөлу «Құпия санды тап» ойыны	1	Ойын сабақ	Көбейту және бөлу кестесін құру, тапсырмалар орындау.	07.11
11.	«Кім жүйрік?»	1	Ойын сабақ	Көбейту және бөлу кестесін құру, тапсырмалар орындау.	14.11
12.	Онайдан қиынға	1	Практикалық сабақ	Көбейту мен бөлуге байланысты өзіндік тапсырмалар орындау.	
13.	Математикалық әлем		Практикалық сабақ	Математикалық әлем есептерін	
	есептер			кемегімен екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуге үйрету.	21.11
14.	Математикалық санамақтар	1	Ойын сабақ	Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту.	28.11
15.	Математикалық КТК	1	Сайыс сабақ	Осы уақытқа дейінгі меңгерген білім деңгейлерін анықтап, өзара салыстырмалы түрде қарау үшін топтар арасында сайыс ұйымдастыру.	05.12
16.	Кел, ойнайық	1	Ойын сабақ	Логикалық есептер шығаруға бейімдеу, өздері есеп құрастырып көруге талпындыру	12.12
17.	«Уақыт» «Сәудет» «Тізбек» ойыны	1	Ойын сабақ	Уақытты қалай өлшейді?	19.12
18.	Көне өлшемдер	1	Практикалық сабақ	Үлесті табуға берілген есептерді талдау	26.12
19.	Математикалық фокустар	1	Жарыс сабақ	Логикалық есептер құрастыру, шығару.	09.01
20.	Жұмбақ есептер	1	Ойын сабақ	Үлесті табуға берілген есептерді талдау, шығару.	16.01
21.	Олимпиада есептері	1	Практикалық сабақ	Бастауыш сыныптар арасында өткізілетін олимпиада есептерін шығарту. Бастауыш сыныптар арасында өткізілетін олимпиада есептерін шығарту.	23.01

22.	«Математикалық айтыс» индентификация	1	Аралас сабақ	Санның квадратын бірдей екі көбейткіштің, ал кубын бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну	30.01
23.	Математикалық диктант	1	Өзіндік жұмыс	Өткен материалдарды пысықтап, қайталау. Оқушылардың бұған дейін алған білімдерін бекіту және тексеру мақсатында тапсырмалар беріледі	06.02
24.	Кеңістіктік. Фигуралар «Дельфин хауызы» ойыны	1	Ойын сабақ	фигуралардың пішіндерінің өзгеруіне қарай ауданның қалай өзгеретінін талдау, тапсырмалар орындау.	13.02
25.	Ғажайып өрнектер	1	Практикалық сабақ	Оқушылардың қызығушылықтары мен логикалық ойлау қасиеттерін, сын тұрғысынан ойлауын дамытуға байланысты тапсырмалар беру.	20.02
26.	Сызықтық сызықтар	1	Практикалық сабақ	Текше, Солға, оңға, жанынан, үстіненен караганда ұғымдары. Кеңістік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді талдау.	27.02
27.	Ғажайып суреттер	1	Аралас сабақ	Тік бұрышты параллелепипед. Солға, оңға, жанынан, үстіненен караганда ұғымдары. Кеңістік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді талдау.	06.03
28.	Тапқыр математик	1	Сайыс сабақ	Логикалық есептер шығаруға бейімдеу, өздері есеп құрастырып көруге талпындыру.	13.03
29.	Математикалық фокустар	1	Практикалық сабақ	Оқушыларды математикалық фокустарды шеше білуге баулып, сондай фокустарды өздері құрастыра білуге икемдеу.	20.04
30.	Жақшалы есептер	1	Аралас сабақ	Оқушылар жақшалы есептерді шешу жолдарын үйреніп, өздері құрастыра білуге икемдеу.	10.04
31.	Математикалық ребустар құрастыру	1	Сайыс сабақ	Ребустар құрастыра білу дағдыларын арттыру.	17.04
32.	Бас қатырғыштар құрастыру	1	Сайыс сабақ	Оқушыларды бас қатырғыштарды өздері құрастыра білуге баулу.	24.04
33.	Математикалық КТК	1	Сайыс сабақ	Осы уақытқа дейінгі меңгерген білім деңгейлерін анықтап, өзара салыстырмалы түрде қарау үшін топтар арасында сайыс ұйымдастыру.	08.05.
34.	Қорытынды сабақ	1	Өзіндік жұмыс	Тест тапсырмасы арқылы оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау.	08.05.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қызықты математика. Авторы: Ә.Б.Ақпаева., Л.А.Лебедева «Алматыкітап»
2. Математика өзіндік және бақылау жұмыстары. Өлке баспасы-2010ж.
3. Бастауыш кластарда математикадан жүргізілетін кластан тыс жұмыстар. Алматы «Мектеп» 1995ж.
4. Бастауыш сынып оқушыларын математикалық олимпиадаға даярлау. Ж.Бейсеков, А.Жақсыбаева, Ж.Қамбаров, Шымкент
5. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. 3-сынып . Б. М.Қосанов. Р.Қ.Өміртаева Алматы «Атамұра» 1998ж

Бағдарламаны құрастырған:

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі Б.І.Мухамбедиярова